

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «СИҒЫРЛЫ БОЯУЛАР ӘЛЕМІНДЕ» АТТЫ СУРЕТ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Ұйымдастырушылар: Астана қаласы Білім басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 өнер мектебі» МКҚК

Байқау өтетін күні: 20 желтоқсан, сағ 10.00-13.00-ге дейін

Өткізілетін орны: № 2 Өнер мектебі

Марапаттау: 21 желтоқсан, сағ:11.00 №2 өнер мектебі

Қатысушылар: Байқаудың жас категориясына сәйкес барлық тілек білдірушілер қатыса алады. (*Жалпы және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары*)

Қаржылық шарттар: Байқау Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы №107-2630 қаулысына сәйкес өткізіледі. Қатысу жарнасы әр жеке орындаушы 5000 теңге. Kaspi.kz – төлемдер – білім – қосымша білім – Астана –№2 өнер мектебі (Астана қаласы, Достық көшесі, 13).Төлем квитанциясы өтінішпен бірге мектеп почтасына жіберілу керек.

Байқаудың мақсаты мен міндеті:

- бейнелеу өнері арқылы жастарға отансүйгіштік, эстетикалық тәрбие беру;
- жастарды өз отанының беделді бір мүшесі екендігін ұғындыру;
- бейнелеу өнері арқылы дарынды және талантты оқушыларды анықтау;

Қатысушылардың жас ерекшелігі:

Байқауға 9-17 жас санаттары бойынша төмендегі білім алушылар қатысады.

- А) орта топ 9- 13 жас аралығында.
- Б) жоғарғы топ 14-17 жас аралығында

«Балалардың қиял-ғажайып әлемі»

Қазіргі заманауи ғылыми – техникалық жетістіктерді сонымен бірге болашақта болатын ғылыми-техникалық жаңалықтарды болжап, балалар өз қиял әлемімен ұштастыра отырып қызықты көркем шығармашылық туындыларын ұсынады.

Байқау талаптары:

- байқауға А3 формат бетіне түсірілген суреттер;
- сурет салу техникасы **Кескіндеме** (түрлі –түсті карандаш, пастель, акрил т.б) барлық жұмыстар тақырыпқа сай болуы шарт;
- жұмыстың оң жақ бұрышында құжаты болу керек (компьютерде жазылған оқушының толық аты-жөні, қаласы, ауданы,білім беру ұйымы, жасы, жетекшісінің аты жөні толық, 12 Times New Roman шрифте болу керек);

Әр мекемеден жас категориясы бойынша үлкен топтан 2 оқушы, орта топтан 2 оқушы ғана қатыса алады. (Үлкен топтан 2 сурет, орта топтан-2 сурет) қабылданады.

Астана қаласының қатысушылары жұмыстарын 18 желтоқсанға дейін Астана қаласы, Достық 13 көшесі №2 өнер мектебіне тапсыруы қажет. Кешіктірілген жұмыстар мен өтініштер қабылданбайды.

Республиканың басқа өңірінен қатысатын оқушылар жұмыстарын Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық 13 көшесі, ЖК Нұрсая-2 адресінде орналасқан №2 өнер мектебі **мекен жайына** 18 желтоқсанға дейін **өтініштермен** бірге oneg2_baiqau@mail.ru эл почтасына жіберілуі керек. (ПДФ директордың қолы мөрімен және WORD форматында).. Индекс – 010000.

Бағалау белгілері:

- Орындаудың көркемдік деңгейі, тақырыпқа сәйкестігі, ашуы;
- Ойлаудың идеялық мазмұны мен түпнұсқалығы, композициялық шешіміндегі ерекшелік;
- Ойдың тұтастығы және іске асырылуы, орындалу техникасының ерекшелігі;
- Автор жасының шығармашылық деңгейге сай болуы.

***Ескерту:** Байқау жұмыстары плагиат, көшірме немесе басқа авторлар жұмысының бөлішегі болмауы қажет. Қатысушы жұмыстың авторлығына толық жауап береді. Жалған жұмыстар айғақталған жағдайда қазылар алқасы жұмысты қарастырмайды.*

БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ӨТКІЗУ:

Байқау қорытындысы бойынша әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

Байқау жеңімпаздары, жетекшілері Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және қатысқаны үшін дипломдармен марапатталады;

Қазылар алқасының шешімі өзгертілмейді және талқыланбайды.

Байқау қорытындысы **21 желтоқсан** күні №2 өнер мектебінде сағат 11.00 де марапатталады.

І қосымша

Толық аты-жөні (құжат бойынша)	Туған күні, айы, жылы	Білім ұйымының атауы/облыс/аудан/ауыл	Жұмыстың тақырыбы	Орындау техникасы	Жетекшінің толық аты-жөні(құжат бойынша), байланыс тел, эл почта (толық жазылуы тиіс)

- ✓ Өтініште берілген ақпараттың дұрыстығы мектеп директорының қолымен, мөрімен расталсын;
- ✓ Мерзімінен кешіккен өтініштер қабылданбайды;

Жауаптылар: Көркемсурет бөлімінің мұғалімдері. Р.Шарипов
Р.Қуанов, Қ.Жәйірбек, А.Нұрман -87079035562, Р.Алимгазина-
87073470746,

№ 2 Өнер мектебі

Мекен-жайы: Астана қаласы, Достық 13. ЖК Нұрсая-2
oner2_baiqay@mail.ru